

А. Жылқайдар, 4-курс

Ғылыми жетекшісі: Т. Н. Сүлейменов, ҚААТ кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕ ЗАТТАРДЫ ТАНЫТУҒА ҰСЫНУ КЕЗІНДЕ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ БЕКІТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 115-бабының 1-бөлігінде көрсетілгендей, қылмыстық процесті жүргізуші орган іс жүргізу заңымен белгіленген тәртіппен алынған қылмыстық әрекеттің болғандығын немесе болмағандығын, айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының кінәлілігін не кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтау барысында негізделген заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады¹. Қылмыстық істің дұрыс шешілуі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтарымен, сарапшының қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және

өзге де құжаттармен анықталған іс жүзіндегі деректерге ғана негізделуі тиіс. Олар жедел-іздістіру қызметі, қылмыстық істі қозғағанға дейін материалдарды тексеру, іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу мен басты сот талқылауы барысында алынуы мүмкін деп көрсетілген. Тану үшін көрсету ережелері:

1) танушыдан, тиісті адамды немесе затты бұрын қандай жағдайда бақылағандығы, сондай-ақ осы объектіні қандай белгілер мен ерекшеліктер арқылы тани алатындығы жайлы алдын ала жауап алынады;

2) көрсетуге ұсынылатын объектілер саны үштен кем болмау керек;

3) танылуға бірге ұсынылатын объектілердің мүмкіндік бойынша сырт ұқсастығы болу керек; танылуға тиіс зат басқа біртектес заттармен бірге ұсынылады;

4) тану үшін көрсету жағдайы осы объектіні оқиға болған жерде қабылдаған жағдайға жақын болуы керек (объектінің алыс-жақындығы, күндіз, түнде, жарық түсіп тұрғанда және т.б.);

5) тану үшін көрсету әрекеті басталмас бұрын танылуға тиіс адамға бірге ұсынылып отырған адамдар арасынан таңдаған орнын алу ұсынылады және т. б.; Заң әдебиеттерде тұлғаны дауысы мен ауызекі сөйлеуінің динамикалық белгілері бойынша тануға ұсынғанда танушыға тек ұсынушылардың дауысын естуіне ғана мүмкіндік беріп, олардың өздерін көрсетпегуге болмайтындығы туралы сөз етіледі.

Сонымен бірге, көптеген мемлекеттерде тануға ұсынудың басқа ережелері бар екендігін айта кеткен жөн. Қолда бар қайнар көздерді талдау нәтижесінде келесі ерекшеліктерін ажыратуға болады:

Танылуға жататын тұлға өзара ұқсастығы жоқ басқа адамдардың қатарына орналастырылады. Ұсынылушылардың жалпы саны бізге қарағанда едәуір көп.

Адамдар адам бойының шкаласы салынған қабырғасы бар жақсы жарықтанған бөлмеде түрегеліп және қозғалған күйінде ұсынылады.

Айғақ адамдар жоқ болады, себебі олар заңмен қарастырылмаған.

Айыпталушыны, сезіктіні тануға ұсынғанда танушының жанында олардың қорғаушылары отыра алады.

Тануға ұсынуды жүргізетін адам танушы отырған бөлмеде болады. Ұсынушыларды кіргізу, олардың тұрыстарын өзгерту, т. б. бұйрықтарды ол микрофон арқылы береді.

Танушының мәлімдемесінен соң оның нәтижелері сол жерде жарияланбайды.

Дәлелдемелер жинау мақсатында іске асырылатын тергеу және соттық әрекеттерді реттейтін заң баптарында, таныту үшін көрсету сияқты тергеу әрекетінің өткізілу негіздері тергеушінің және соттың көзқарасына қалдырады. Олар таныту үшін ұсыну туралы шешім қабылдағанда, дәлелдемелердің салыстырмалы жайлы ереже, оларды тек дәлелдеуге жататын жағдайлармен байланысты объективті, фактілік мәліметтерді анықтауға міндеттейді. Танытылатын объектінің сол жағдайлармен көп тұрғыда тек болжамды байланыста болады. Ол таныту актісімен ғана анықталады. Сондықтан да таныту туралы шешім қабылдағанға дейін, танушы адамнан жауап алғандағы мәлімет осы жағдайда қатысы барын көрсетуі қажет².

Заңда көрсетілген процессуалдық түрде, яғни, жауап алу жолымен танушыдан тану объектісі туралы мәліметтің салыстырмалы бастапқы көзін анықтайды. Жауап алу мазмұны таныту үшін ұсынудың қажеттігіне анықтайды.

Таныту үшін ұсынуға, сондай-ақ басқа да тергеу әрекеттеріне тиянақты дайындалу қажет. Бұл толықтай, жан-жақты, объективті мәлімет алудың маңызды шарты. Таныту үшін ұсынардан бұрын дайындық шаралары жүргізіледі. Оған жататындар: танушы адам, алдын-ала жауап алу; таныту үшін ұсыну мерзімін таңдау; таныту үшін ыңғайлы жағдайды дайындау және таңдау; таныту үшін ұсынатын объектілерді талдап алу.

Тергеуші таныту ұсынуға дайындық кезінде кейбір ұйымдастыру шараларын шешуі қажет: а) танылатын адамның күзетін қамтамасыз ету; ә) таныту үшін ұсыну процесін бекіту үшін қажетті ғылыми-техникалық құралдарды дайындау (аудио, бейне жазу, фотосурет, дыбыс жазу аппараттарды); б) күні бұрын айғақтар жайлы сұрақты шешу маманмен ақылдасу; в) егер танушы не танылатын адам іс жүргізіліп отырған тілді түсінбеген жағдайда аудармашы дайындау керек. Сондай-ақ сол адамдар керең не мылқау болса, онда олардың белгілерін түсінетін адам шақырылады.

Қорыта келгенде, таныту үшін ұсынудың нәтижесінен біз нақтылы мәліметтер алуға болатынын аңғарамыз. Соның негізінде тергеу барысында шындық ашылады. Яғни, бұл нәтижелер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болады. Сондықтан Қазақстан Республикасының ҚІЖҚ 128-бабына сәйкес олар бағалауға жатады. Тиісті бағалаудан кейін тергеу органдары шешім қабылдайды. Бағалайтын субъектілері тергеуші, прокурор, анықтама жүргізуші адам, сот. Бағалау жан-жақты, толық, объективті болуы тиіс.

¹ Қазақстан Республикасының ҚІЖК (соңғы толықтырулары мен өзгертулер 17 қаңтар 2014 ж.).

² Замылин Е. И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. — Волгоград, 1998. — С. 69.